

Қабыханов, А.

**Академик мерейтойы кеңінен аталып өтті / А. Қабыханов
//Жастар әлемі. - 2005. - 22 сәуір.**

Жуырда Қарағанды Мемлекеттік университетінде аталмыш білім ортасының алғашқы іргетасын қалаушы, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, ғұлама ғалым, өнертапқыш, таланты аудармашы Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойы жоғарғы деңгейде, кен көлемде аталып өтті. Саналы ғұмырын ғылым жолына сарп етіп, артында өшпес өнеге қалдырған осынау асыл азаматтың мерейтойын өткеруге бұл күні республикамыздың түкпір-түкпірінен ғалымның қаншама шәкірттері мен көзін көріп, тәлімін алған жайсандар жиналып, естеліктер айтысты.

Мерейтой әуелі университеттің бас корпусының жанында ғалымға тұрғызылмақшы тұғыртасты ашу салтанатымен басталып, бұдан соң студенттердің мәдениет сарайында «Академик Е.А.Бөкетов - ғалым, оқытушы, ойшыл» атты ғылыми-тәжірибелік конференция басталды. Аталмыш алқалы жиында облыс әкімінің орынбасары Е.Тоғжанов, ҚР Конституциялық кеңесінің мүшесі Қабылсаят Әбішев, химиялық-техникалық зерттеу институты ұлттық орталығының бас директоры Нұралы Бектұрғанов, жазушы Кәкімбек Салықов, Білім және ғылым министрлігі аппаратының жетекшісі, ҚР ҰҒА академигі Рахметқажы Берсімбаев, ҚР ҰҒА академигі Әбілқас Сағынов, профессор Сұлтан Досмағанбетов, Қазақстан-Ресей университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі Зейнолла Молдахметов, маңызды білім беретін "Болашақ" институтының президенті, ЖМ ХҒА академигі Жамбыл Ақылбаев, ҚазҰУ профессоры Айтқожа Биғалиев, ҚарМУ ректоры, ЖМ ХҒА академигі Еркін Көбеев президиумға жайғасып, жиынға Е.Көбеев төрағалық етіп, жүргізіп отырды. Қысқаша кіріспе сөзбен жиынды ашық деп жариялаған ректор алғашқы сөзді облыс әкімінің орынбасары Е.Тоғжановқа берді. Ол кісі сөзінде ғұлама ғалымның қайраткерлік, парасаттылық, ұстаздық тұлғасына тоқталып, мерейтой қарсаңында елеулі еңбегімен ерекшеленген бірқатар ғалымдар Г.Ақыбаеваға, Д. Аймағамбетоваға, В.Батурирге және Д.Жангозинаға облыс әкімінің Құрмет грамотасын тарту етті.

Келесіде мінбеге көтерілген Рахметқажы Берсімбаев академик Бөкетовтің биорганикалық және органикалық химия, қара және түсті металлургия саласына сіңірген қыруар еңбектерін атап өтіп, ғалымның ғылымға қосқан үлесіне тоқталды.

Сөзінің соңында Р.Берсімбаев ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес ғалымдар Л.Құсайынова, Ә.Телгарин, В.Евдокимов, А.Масалимов, З.Жұмағали, Ш.Тоқсанбаеваларды омырау белгісімен марапаттап, оны салтанат жағдайда табыс етті және бұдан кейін де бір топ ғалым-оқытушыларға Құрмет грамоталарын ұсынды.

Академик Е.Бөкетов тек қана ғалым емес, дарынды ұстаз, қаламы жүйрік жазушы, таланты сыншы, аудармашы, қайраткер тұлға екендігін көпшілік жақсы біледі. Бұдан соңғы кезекте сөз алған ҚарМУ ректоры Е.Көбеев ғалымды осы қырынан ашып, мазмұнды баяндама жасады. Сонымен бірге Е.Қинаятұлы академиктің университет қабырғасында атқарған абыройлы істеріне тоқталып, онын ұйымдастырушылық, алғырлық қасиеттерін толғаныспен баяндады. Сонында ҚарМУ ректоры қазаки дәстүрге сай ғалымның інісі Қамзабай Бөкетовтің және Евекеннің ізін басып, әр жылдары университетте ректорлық қызмет атқарған З. Молдахметов пен Ж. Ақылбаевтың, А.Бигалиевтің иықтарына шапан жауып, алғыс хаттар ұсынды конференцияда жазушы Кәкімбек Салықов болса кемеңгер азаматтың жазушылық, аудармашылық, шешендік қырына тоқталды. Жалпы бұл күні мінбеге көтерілген қайсібір адам да академиктің сан қырлы қасиеттерін тілге тиек етіп, оймақты ойлар қозғады.

Бұдан кейін келген қонақтар секциялық мәжілістерде бас қосып, түс ауа Е.Бөкетов атындағы мұражайды тамашалады, сонымен қатар кешке таман С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында ғалымның аудармасы бойынша әзірленген "Юлий Цезарь" қойылымын тамашалады.

Келесі күні қайтадан ҚарМУ-де бас қосқан қонақтар ғылыми-тәжірибелік конференцияны қорытындылап, бұдан соңғы мәжіліс Ж.Әбішев атындағы химия-металлургия институтында жалғасын тапты. Академиктің өзі біраз жылдар еңбек еткен аталмыш шаңырақта өткен бұл жиында ғалымның шәкірттері, замандастары және жақын-жуықтары сөз алды. Сондай-ақ бұл күні Бөкетов жайындағы естеліктер мен деректер турасында сыр шертетін жазушы Медеу Сәрсекенің "Ебіней Бөкетов" атты кітабының тұсаукесер рәсімі де өткізілді.

Жалпы осынау мерейтойды ұйымдастырып өткізуге Қар-МУ-дің қосқан үлесі шексіз және ол еңбек еленді де. Себебі барлық сән-салтанатымен өткен жиынға жиналған қауым жоғарғы баға беріп, ризашылықпен тарқасты.